

«Мектептен тыс білім беру орталығы» МКҚК
Қамқоршылық кеңес отырысының
№3 ХАТТАМАСЫ

Күні: 12.05.2023ж.

Өткізілген орны: «МТББО» МКҚК

Күн тәртібінде:

1. «Мектептен тыс білім беру орталығы» МКҚК-ның директорының 2022-2023 оқу жылының қорытынды есебі А.Б.Раева.
2. «Мектептен тыс білім беру орталығы» МКҚК-ның 2022 жылға қаржыландыру қорытынды есебі Д.К.Исмагамбетова.
3. Қосымша сұрақтар.

Қатысқандар: 5 адам

Сөз алды:

Қамқоршылық кеңес хатшысы А.С.Оспанова қамқоршылық кеңесте қаралатын сұрақтармен таныстырды.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша Мектептен тыс білім беру орталығының директоры А.Б.Раеваның 2022-2023 оқу жылының қорытынды есебі тыңдалды. 2022-2023 оқу жылында жалпы бала саны-530 баланы қамтыды. Үйірме жетекшілері уақытылы кестеге сәйкес үйірме сабақтарын өткізді. Байқауға қатысқан оқушылардың ата-аналар мен үнемі байланыс жасалып отырылды. Аудан көлемінде бірнеше жарыстар өткізілді. Үйірмелерге қажетті материалдық жабдықтар алынып, жылу жүйесіне жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Екінші мәселе бойынша Мектептен тыс білім беру орталығының есепшісі Д.К.Исмагамбетованың 2022 жылға қаржыландыру есебі бойынша баяндама оқыды. Қалдық 01.01.2022ж. 3491483,17 тг. Жалпы қаржыландыру: 76984483,17тг. Оның ішінде: жергілікті бюджеттен-48584451 тг. Республикалық бюджеттен-28400032,17тг. Штат саны: 29 адам, оның ішінде мұғалімдер саны-16, кіші қызметкерлер-13. Қаржының 2022 жылға жұмсалғаны-74238562,20тг. Қалдығы: 2745920,97ТГ.

Жылдық көрсеткіш бойынша жұмсалған қаражат кестесіне сәйкес анықтама берді. Яғни оның ішінде үйірме оқушыларына арналған тоғызқұмалақ, шахмат және жазғы лагерьге арналған спорттық құралдар: доп, домино, скакалка, обруч тағы басқа алынған заттардың есебі де тыңдалды.

Сөз сөйлегендер:

1. Қамқоршылық кеңес төрайымы Н.Ж.Амангалиева, Хромтау аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры, жылдық қаржының қалдық, яғни жыл бойы үнемделген қаржы қайда жұмсалатыны туралы сұрақ қойды.

2. Кеңес мүшесі-Б.Ұ.Баймұратова, Хромтау орталықтандырылған кітапхана жүйесінің директоры, түрлі іс шараға алынған сыйлықтардың сметасы, ведомость, жою актілері және хаттамасын бірге тіркеуге ұсыныс айтты.

Шешім етті:

1. МТББО-ғы әкімшілік жұмыстарын бақылау, бағалау.
2. Қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына жұмыс жоспарын құру.
3. Туындаған өзекті мәселерді кезектен тыс кеңес өткізу арқылы шешу.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы



Н.Амангалиева

Қамқоршылық кеңес хатшысы



А.Оспанова

